

Д.Т. Көптілеуова  , А.Е. Жумадилова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: dinavvest@gmail.com

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ПАЛЕСТИНА ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ КӨРІНІСТЕРІ

XX ғасырдың бірінші жартысында Палестина елеулі саяси, әлеуметтік және әдеби өзгерістерге тап болды. Жазушылар қазіргі тарихи оқиғалар мен жағдайларды түсіріп, бейнелей алатын, сонымен бірге өзгеріске қарай жылжуға септігін тигізетін әдеби шығарманың жаңа түрінің қажеттілігін сезінді. Әдебиет ұлт көңіл-күйінің өзіндік барометріне айналды. Жаңа ғасырдың басталуымен және елдегі саяси жағдайдың өзгеруімен Палестина ұлттық бірегейлігі өзгеріп, өткір саяси түсін жоғалтуда, бұл әдебиетте де көрініс табады. Жазушылардың ойлары тек ұлттық тәуелсіздік, саяси еркіндік туралы идеялар ғана емес, олар экономикалық өмір: байлық пен кедейлік, еңбек нарығы, тұтынушылар құқығын қорғау, сонымен қатар әйелдердің бостандығы, саяси және идеологиялық қайшылықтар сияқты тақырыптарға жол ашады. Мақалада «бірегейлік», «ұлттық бірегейлік» секілді түсініктердің негізгі мағыналары мен олардың Зияд Хаддаш, Жәмәл Қауасми, Ибтисам Азим секілді палестиналық жазушылардың жаңа буынының шығармашылығында, палестиналық әдебиеттің классигі Махмуд Дәруіштің «في حضرة الغياب» («Жоқтықтың барында») деген шығармасындағы Палестина-Израиль қақтығысының мәнмәтініндегі көрінісі қарастырылады. Көрсетілген жазушылардың прозалық шығармаларының дискурсында ұлттық бірегейліктің әлеуметтік аспектілері қарастырылған.

Түйін сөздер: ұлттық бірегейлік, Палестина, Израиль, жас буын, жаңа тақырып, адалау, отан.

D.T. Koptileuova, A.Y. Zhumadilova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: dinavvest@gmail.com

Display of national identity in modern Palestinian literature

In the first half of the twentieth century, Palestine was shocked by serious political, social, and literary changes. The writers felt the need for a new type of literary work that could capture and express current historical events and circumstances, as well as in order to move towards change. Literature has become a kind of barometer of the mood of the nation. With the beginning of the new century and the change in the political situation in the country, the Palestinian national identity undergoes changes, losing its sharp political color, which was also reflected in literature. The writers' thoughts are not only ideas about national independence, political freedom, they give way to topics such as economic life: wealth and poverty, the labor market, consumer protection, as well as women's freedom, political and ideological contradictions. The article discusses the main meanings of the concepts of "identity", "national identity", and their reflection in the works of young Palestinian writers such as Ziyad Khaddash, Jamal al-Qawasmi, Ibtisam Azem, as well as in the work «في حضرة الغياب» ("In the Presence of Absence") of the classic of Palestinian literature, Mahmoud Darwish, in the context of the Palestinian-Israeli conflict. The main aspects of national identity are highlighted in the discourse of prose works of these writers.

Key words: national identity, Palestine, Israel, new generation, new subjects, alienation, homeland.

Д.Т. Коптилеуова, А.Е. Жумадилова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: dinavvest@gmail.com

Отображение национальной идентичности в современной палестинской литературе

В первой половине XX века Палестину потрясли серьезные политические, общественные и литературные изменения. Писатели поняли необходимость создания литературных произведений нового типа, которые могли бы запечатлеть и выразить текущие исторические события и обстоятельства, а также способствовать изменениям. Литература превратилась в своеобразный барометр настроений нации. С началом нового века и переменой политической обстановки в стране палестинская национальная идентичность претерпевает изменения, теряя свой острый политический окрас, что отобразилось и в литературе. Объектом размышлений

писателей становятся не только идеи о национальной независимости, политической свободе, они уступают место таким темам, как экономическая жизнь: богатство и бедность, рынок труда, защита прав потребителей, а также свобода женщин, политические и идеологические противоречия. В статье рассмотрены основные значения понятий «идентичность», «национальная идентичность», и их отражение в творчестве нового поколения палестинских писателей, таких как Зияд Хаддаш, Джамал Кавасми, Ибтисам Азим, а также в произведении «في حضرة الغياب» («В присутствии отсутствия») классика палестинской литературы Махмуда Дарвиша в контексте палестино-израильского конфликта. Рассмотрены основные аспекты национальной идентичности в дискурсе прозаических произведений указанных писателей.

Ключевые слова: национальная идентичность, Палестина, Израиль, новое поколение, новая тематика, отчуждение, родина.

Кіріспе

«Бірегейлік» термині соңғы екі онжылдықта гуманитарлық ғылымдарда ең қолданбалы терминдердің бірі болып келеді, философиялық, психологиялық, әлеуметтік ғылымдарда көптеген анықтамаларға ие, алайда жалпы түрде индивидті белгілі бір топтың мүшесі ретінде сипаттайтын жеке және мінездік сипаттамалар, атрибуттар, наным-пікірлер мен ниет-пиғылдардың жиынтығы ретінде анықтауға болады. «Ұлттық бірегейлік» мәселесіне көптеген зерттеулер арналған, соның ішінде С. Хантингтон, Ф. Фукуяма, К. Гаджиев, М. Шайкемелев секілді авторларды атауға болады. Ұлттық бірегейлік дегеніміз ұлттық топқа қатысты түсінік болып табылады, ол бірнеше факторларға байланысты: шығу елі, тұрғылықты жері, этникалық немесе діни ұстанымы мен ұлтқа тән белгілер мен қасиеттерге ие болуы туралы түсінік (Nofal K.H., 2017: 66). Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да ұлттық сана, ұлттық бірегейлік секілді ұғымдарға көп көңіл бөлініп, олардың әр елдің дамуы үшін зор маңыздылығы айтылады.

Ұлт және ұлттық бірегейліктің қалыптасу процестерін зерттеу мемлекетте болып жатқан әлеуметтік мәдени үдерістердің себептерін, қазіргі әлемдегі ұлттық бірегейлік рөлінің нығаю себептерін анықтауға, түсінуге септігін тигізеді. Адамның бір қауымның тарихи өзегіне жатуды зерттеу сол индивидтің онтологиялық, гносеологиялық ерекшеліктерін зерттеуді қамтиды, бұл болса халықтың немесе мемлекеттің бетбұрысты сәтінде бірімәнді бағалауға жатпайды. Біз білгеніміздей, Палестина елі қазір дәл сон-

дай кезді бастан кешуде. Өткен ғасыр Палестинаға көптеген саяси, әлеуметтік және соған байланысты әдеби өзгерістерді алып келді. Сол жылдар кезінде терең қақтығыстың бастапқы себептері жатыр. Палестина мен Израиль Таяу Шығыстың дәл сол аймағында орналасқан ең жақын көршілес елдер болып табылады. Осылайша, еврейлер мен байырғы арабтар бұл аймақта бейбіт қатар өмір сүрді. Алайда, ХІХ ғасырдың басында еврей құрамы күрт өсе бастады. Бұған көптеген себептер болды – біріншіден, халықтың табиғи өсімі, екіншіден, «еврейлердің өз Отанына» Иерусалимге көшуі. Бірақ жағдай Екінші дүниежүзілік соғыстан және еврейлердің геноцидінен кейін нашарлады. Содан кейін Үшінші рейхтің нацизм сұмдықтарының әсерінен сионисттер Палестинаға көшті. Өз жерлері жоқ халық ретінде еврейлердің құқықтары толық емес болған.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяғында және дәлірек 1949 жылы Израиль БҰҰ-ға қосылғаннан кейін Израильге еврей құқықтары біршама айқындалды. Палестина территориясына иелік ете отырып, израильдіктер мемлекетті екіге бөлді: араб және еврей. Бұл қақтығыстың өткір кезеңін бастады. Ағымдағы тарихи оқиғаларды қағазға түсіріп, жағымды өзгерістерге жол ашу мақсатында жазылған әдеби туындылар қажет бола бастады. 1920 жылдан бастап, палестиналық алғашқы «الوريث» романы («Мирасқор») жарыққа шыққаннан бастап, осы уақытқа дейін әдебиет ұлттық көңіл-күйінің барометріне айналды: «жылау әдебиеті» сияқты бағыттар пайда болды (1950 ж.), «қарсыласу әдебиеті» (1960 ж.), 1980 жылдардың басында Палестина әдебиеті қайтадан қаһармандықпен қарсы тұру тақырыбына жүгінеді; оған азаматтық және

әскери-патриоттық тақырыптар, тарихи сәттің жоғары сезімі (Т.Зияд, С. әл-Қасим, М. Бсису секілді жазушылар) тән болады (В.Э. Шагаль, Е.В. Дьяконов). 1987 жылдан бастап Палестина қарсыласу қозғалысы қайтадан белсенді кезеңге енгенде, тәуелсіз Палестина мемлекетін құру үшін күрес тақырыбы әдебиетте басым болды.

Көптеген туындылар жазылды, бірақ соның аз бөлігі ғана, жергілікті америкалықтарды, тасмандықтар және армяндарды қоспағанда, жері, мүлкі, мәдениеті және ұлттық ерекшелігі адамдарға қарсы бағытталған ең жойқын жоспармен кезіккен, палестиналықтардың драмасын шынайы бейнелей алды. Сондай жазушылардың қатарында Искандер әл-Хури, Мухаммед Иззат Даруаз, Габриэль Абу Саади, Исхак Мұса әл-Хусейни, Махмуд Дәруішті атауға болады.

Бүгінгі күнге дейін палестина-израиль қақтығысы әлі де шешіміне келген жоқ, жаңа ғасырдың басталуымен, даулы территорияда екі мемлекет құруға тырысуларға қарамастан, Палестина-Израиль қақтығысының жағдайы өзгерген жоқ: Израильдің қасында тәуелсіз Палестина мемлекетін (Beinart P., 2013), немесе барлық адамдар үшін бірдей құқығы бар биұлттық мемлекет (Judt T., 2003) құру бойынша іс-әрекеттердің ешқайсысы іске асқан жоқ. Кез келген түпкілікті шешім бойынша айтарлықтай келіспеушіліктер туындауда: тараптардың әрқайсысы оның одан әрі қауіпсіздігі мен егемендігіне екінші тараптан қауіп күтуде. Ал әдебиет болса, Палестинаның тарихи ағымында трансформацияланып жатқан ұлттық бірегейлікті қамтып көрсетеді.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Трансформация, қалыптасу кезінде Таяу шығыс елдерінің үшінші қасиетті мекені болған Палестинаның ұлттық бірегейлігінің құрылу процестерін түсіну шығыстану ғылымы үшін өте *өзекті* мәселе деп білеміз. Мақаланың *зерттеу нысаны* болып қазіргі заманғы палестиналық әдебиетінен туындылар болса, ал *зерттеу пәні* ретінде палестиналық ұлттық бірегейлігінің әлеуметтік аспектілері болып табылады. Зерттеуіміздің *мақсаты* болған, трансформацияланып жатқан палестиналық ұлттық бірегейлігінің әлеуметтік аспектілерін анықтау үшін келесі *міндеттер* қойылды:

Палестиналық қазіргі заманғы әдеби туындыларының негізгі тақырыптамасын анықтау;

Салыстырмалы талдау негізінде палестиналық әдебиетіндегі тақырыптардың өзгеру тенденциясын көрсету;

Қазіргі заманғы палестиналық әдеби туындыларының негізінде ұлттық бірегейліктің әлеуметтік сипаттарын айқындау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысында келесі *әдістер* қолданылды: талдау, түпдеректермен жұмыс істеу мақсатында, түпнұсқадағы әдеби туындыларды талдау және интерпретациялау үшін нақты тарихи әдіс және өткен ғасырдағы әдеби шығармалар мен қазіргі заманғы көркем туындылардың тақырыптамасын салыстыру үшін салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, ғылыми зерттеу жүргізудегі негізгі әдіс-тәсілдер қолданылды.

Зерттеу барысында келесі *материалдар* қолданылды: Махмуд Дәруіш, Ибтисам Азим, Джамал әл-Қауасми, Зияд Хаддаш секілді палестиналық жазушылардың таңдамалы туындылары; Дәруіштен басқа жазушылар жаңа буынға жататындарына қарамастан, олардың да еңбектері ағылшын тіліне аударылып, халықаралық баспаларда жариялануда.

Нәтижелер мен Талқылаулар

Палестина жазушысы, әдеби сыншы Тахсин Йакиннің сөзіне сүйенсек, 1993 жылы Израиль мен Палестинаны азат ету ұйымы арасында жасалған Осло келісімінен кейін әдебиеттегі тақырыптар өзгеріске ұшырап, жазушылардың жаңа буыны пайда болды. Жазушылардың жас буыны «өз сезімдерін, ойлары мен өмірге, Отанға, әйелге және басқа да заманауи мәселелерге деген көзқарасының түпнұсқалығын беретін жеке шығармашылық дауысты» табуға, өз жолдарын анықтауға тырысты. Бұдан басқа, Йакин бұл авторлардың көпшілігі әлі де «бүлікпен, еліктеумен, эксперименттермен күресіп, өзін барлық жағынан көрсетуге тырысады» деп мәлімдейді (Үақеен Т., 1999). Отанына деген ностальгия, оған оралуына үміт енді ХХ ғасырдағыдай өзекті тақырып емес, өйткені қазіргі заманғы басым бөлік жазушылары Израиль Палестинаны жаулап алғаннан кейінгі үшінші буын болып табылады және олар елдерін тек ата-аналарының, тіпті аталарының әңгімелері мен естеліктерінен біледі. Ұлттық бірегейлік сонымен бірге айқын саяси түсін жоғалтып, өзгеріске ұшырайды. Жазушылардың ойлары ұлттық тәуелсіздік, саяси бостандық туралы идеяларға ғана емес, олар экономикалық өмір:

байлық пен кедейлік, еңбек нарығы, тұтынушылар құқығын қорғау, сонымен қатар әйелдердің бостандығы, саяси және идеологиялық қайшылықтар сияқты тақырыптарға жол ашады.

Әрі қарай, бірнеше палестиналық авторлардың қазіргі заманғы әдеби шығармаларының материалында жаңа палестиналық ұлттық бірегейлігінің бейнеленген бірнеше мысалдарын қарастырамыз.

Араб әдебиеті әлемінің (соның ішінде, Палестина поэзиясы мен прозасының) көрнекті өкілдерінің бірі – Махмуд Дәруіш. «Отан» ұғымы ақынның өмірі бойы өзгеріп, әртүрлі мағыналарға ие болды, Палестина – Махмуд бала кезінде, содан кейін Израиль басып алғаннан кейін «бар болған жоқ» ретінде өмір сүрген физикалық кеңістік. Ақын 1971 жылы елден шығарылғаннан кейін Отан оның жадына айналды, яғни бірдеңеге тиесілі болу Дәруіш үшін бірегейлігін қалыптастыру қажетті шарт болып табылады. Әрі қарай туған жерге деген көзқарасын ақын өз өлеңдері мен прозалық шығармалары арқылы білдірді. Яғни, Отанға тиесілі болудың мағынасы ауысқан секілді, ақынның бірегейлігі де өмір бойы өзгеріп тұрды (Mukattash, E.K., 2016: 18).

1973 жылы Палестинадан қуылғаннан кейін, ақын Отанымен қайта қауышудан үмітін үзіп, араб тілінен пана табады. Шехадехке берген сұхбатында жазушы мен ақын араб тілін ұлттық бірлік пен жеңіспен салыстыра жырлайды:

Ақын ұлттың (тіл саласында) дамуына ықпал ете алады. Бұл адамдарға күш беріп, оларды адамгершіл етіп, өмірдің қиыншылықтарына төтеп беруге қабілетті ете алады. Менің өлеңдерім қайғы-қасіретте де, мереке кездерінде де оқылады. Ол, сонымен қатар, адамдарға қуаныш сыйлай алады. Менің кейбір өлеңдерім адамдарға ұтылыстар мен шығындардың орнын толтыру сезімін беретін әндерге айналды (Shehadeh R., 2002).

Дәруіш әрқашан бірегейлігін іздеумен болды, оған қуғын да, баспанасыздығы да кедергі бола алмады. Керісінше, бұл факторлар бекітуді жоққа шығаратын, немесе физикалық кеңістікке мұқтаж емес бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етті. Бұл үнемі жалғасып, аяқталмайтын құрылыс процесінде болатын объект. «Мен қуғынсыз кіммін?», 1999 («Саяхатшының төсегінен») Дәруіш өзін жеңіл деп санайды, физикалық және географиялық бөлінуді ескерместен, тіл оның қозғалмалы үйіне айналады:

*صِرْنَا حَفِيَّيْنِ مِثْلَ مَنَارِنَا
فِي الرِّيحِ البَعِيدَةِ . صِرْنَا صَدِيقَيْنِ للكَائِنَاتِ
الغَرِيبَةِ بَيْنَ الغُيُومِ وَصِرْنَا طَلِيقَيْنِ مِنْ
جَانِبِيَّةِ أَرْضِ الهُوَيْبَةِ*

Біздің салмағымыз алыстағы желдегі үйлердегідей жеңіл болды. Екеуміз бұлттағы оғаш жаратылыстардың достарына айналдық ... және енді біз өзімізді сәйкестендіретін жердің тартылысынан босаттық (аударма авт.) (Darwish M., 1999).

«Махмуд Дәруіш және бірегейлікті іздеу» деген 2011 жылы жазған мақаласында Тауфик Йусуф Дәруіш тұлғасын қалыптастырудың екі негізгі кезеңі (Палестинада және одан тыс жерлерде) туралы айтады (Yousef T., 2011:675-679). Дәруіштің туған жерінде өмір сүрген кезіндегі алғашқы поэзиясында бірегейлік жермен физикалық байланыс арқылы қалыптасады:

*Жартастың арасында шөп өскен секілді,
Біз бір күнде бейтанысқа айналдық,
Және әрдайым дос болып қала береміз
(аударма – авт.) (Darwish M., 2008)*

Поэманың соңында татуласқан екі ғашықтың бейнесі өз Отанын көрсетеді. Бір күнде жер азат етіліп, жоғалған бірегейлік қалпына келеді. Йусуфтың сөзіне сүйене отырып, «қол жетпейтін сүйіктім жоғалған Отанның метафорасына айналады» және бұл сүйіктісі қайтып оралғаннан кейін ол «ақырында өзінің бірегейлігін қалпына келтіруге» мүмкіндік алды (Yousef T., 2011:676). Саяси тұрғыдан алғанда, бұл ақынның жоғалған жерді қайтаруға және ұлттық болмысты қалпына келтіруге деген берік сенімінің көрінісі болуы мүмкін. Т. Йусуф Дәруіштің сенімін түсіндіргендей, ол араб тілін барлық арабтар үшін байланыстырушы элемент ретінде қабылдаған, өйткені ақын ұмтылған және оны мақтан тұтатын бірегейлігі – бұл арабтың бірегейлігі (Yousef T., 2011:677-678). Физикалық нысан (Палестина) жер аударылған Дәруіш үшін қол жетімсіз болғандықтан, тіл оның орнына келді. Деррида «Гуманитарлық ғылымдар дискурсындағы құрылым, белгі және ойын»-да (1967) айтылғандай, тілдің өзін көрсетуге болмайды. Ол енді бекітілген орталығы бар тұрақты құрылымға ие болмайды. Енді орталықсыздандырылған, оған «ойын» енгізіліп, рәміздерге ең үлкен мағынаны іздеуге еркіндік берілген (Cohen M.H., 2011). Нәтижесінде, әрине, атаудың шексіз процесі пайда болады, мұнда жаңа мағыналар сарқылусыз құрылады.

Постструктурализм дискурсындағы Дәруіштің шығармаларын оқу жеке тұлға туралы мәселеге қатысты мәтіндерде тілдің ойынына шексіз мүмкіндіктер ашады, мысалы: «في حضرة الغياب» («Жоқтықтың барында») (Darwish M., 2006) деген еңбегінде. Кітап 2006 жылы, ақын қайтыс болғанға дейін екі жыл бұрын жарық көрді, ол оны өзінің соңғы ірі жобасы деп санаған және бұл шығармада Дәруіштің тұлғасы өзінің дамуының шарықтау шегіне жетеді.

Аудармашы Синан Антун бұл кітапты «өз-өзін жоқтау» деп атайды, онда «тірі Мен» поэтикалық үндеуде өлім аузында жатқан «Басқамен» қоштасады (M. Lynx Qualey, 2011).

«Жоқтықтың барында» бірегейлік, отан мен өлім тақырыптары жалғасады, бұны Дәруіш шығармаларының өзіндік тенденциясы деп атауға болады. Ақынның бұл прозалық шығармасы оның басқа шығармаларынан да гөрі карама-қайшылықтардың: өмір мен өлім, қатысудың және болмаудың, үй мен жер аударудың, поэзия мен прозаның шиеленісіне негізделген. Кітапты тек әңгімеге де, немесе поэма ретінде де санатқа бөлуге болмайды, керісінше бұл поэзия мен проза біртұтас «мәтінге» енетін жанрлардың қосындысы болып табылады. Автордың бірегейлігі «қарсылық» актісінің мәтінінен көрінеді. Бұрын берілген контексте оның бұл еңбегінде де бірегейлік тақырыбы да қозғалған, өйткені «من أنا?» («Мен кімін?») деген сұрақ әрқашан: Палестинада тұрған кезінде де, кейінгі қуғын-сүргін кезінде де Дәруіштің шығармаларында талқыланған. Дәруішке бұл сұраққа тікелей және нақты жауап беру әрдайым қиын болғанына карамастан, бірегейлікке қатысты мәселе көтерілген кезде ақынның туған жері Палестина әрқашан оның жадында болды. Ақынның алғашқы жазбалары сияқты «سجل أنا عربي» («Жеке күәлік», 1964), «Жоқтықтың барында» да осы сұрақты қояды, «من أنا?» («Мен кімін?»), бірақ әлдеқайда өткір жауап береді. Бұл ащы даналық сөздер, Дәруішке айдалу, жасы мен ауруы үйретті (ақын жүрек ауруынан зардап шегіп, ашық жүрек отасынан кейін қайтыс болған) (Mukattash E.K., 2016: 20).

Бұл жұмыста бір кезде өліммен біріктірілген тілдің күші мағынаны жеткізуге қауқарсыз болып қалады. Ақырында, толтырылуы керек бос орын, жоқтық жойылды, толтырылуға тиісті шығын жоқ, және жеңілдетуді қажет ететін ауыру жоқ. Ақырында, мәтіндегі «мен» мен «сен», символ мен мағына, тірі мен өлі Дәруіш

арасында бөлудің қажеті жоқ. Ақырында, біреудің шынайы отаны бар ма, жоқ па, жоқ болса, ол отанын сөзбен айтуы немесе жеткізе алмауы, бұның барлығына карамастан бірегейлік толыққанды бейнеге айналады. Ақырында, бірегейлік толыққанды бейнеге айналып, бір уақытта Дәруіш «бар болған жоқты» іздеп өмірін өткізген тұтастық пен ешнәрсеге болмай қалды:

و غائبان أنا وأنت, وحاضران أنا وأنت

Мені мен сен (қайтыс болған Дәруіш өлім аузында жатқан өзіне айтады) жоқпыз, мені мен сен бармыз (Darwish M., 2006:177).

Соңғы жылдары әдеби сахнада танымал болған қысқа әңгімелер авторларының ішінде Зияд Хаддаш пен Джамал әл-Қауасмиді қарастырамыз.

Қысқа әңгімелерінде Зияд Хаддаш (1964 т.) саяси және әлеуметтік өзгерістер аясында Палестина халқын, әсіресе жастардағы адалау құбылысын қарастырады. Мысалы, «الشتاء في رجل قميص» («Ерлер көйлегіндегі қыс») (Khaddash Z., 2005a) әңгімесінде «خذييني آلة موتي» («Мені ал, менің өлімімнің құралы») әңгімелер жинағында автор мектепке жұмысқа орналасқан жас мұғалім туралы айтады. Ол мектеп оған өте таныс болып көрінеді. Терезеден қараса, аңғарды көреді, ойына ағылып естеліктер келеді. Бас кейіпкер Зияд өзін, жолдасы Самирді және Хайфа деген қызды есіне алады, олар 10-11 жастағы балалар болғанда күндерін осы аңғардағы ойындарда алаңсыз өткізген еді. Зияд пен Самир екеуі балалық махаббатымен Хайфаны сүйді, бірақ Хайфа олардың қайсысын жақсы көретінін білмеді. Ол Самирдің шашын сипағанды ұнатып, «бұл құбыр бойымен сырғып кетуге ұқсайды» дейтін. Ал Зиядтың шашын мазақтап, қыз оны «тікен алқабына» теңеді. Сол күннен бастап Зияд тіпті саусақтарын кесіп алудан қорқып, шаштарын тарауға қорқатын болды. Бір күні Хайфа балаларға кішкентай жазбаны көрсетті, онда «кімді жақсы көріп және кімге үйленетінін» жазғанын айтты. Ал ол жазбаны алқаптағы таудың астына тас астына жасырамын деп уәде берді. Бірақ балаларға сондай күткен жазбаны табу бұйырмаған: израильдік бульдозер тауды жермен тегістеп жіберді. Балалардың ата-аналары үшін ол таудан айырылу болса, ұлдар үшін ол Хайфаның хабарынан айырылу болды. Зияд пен Самир оны одан кейін ешқашан көрмеді, сүйкімді қыз ата-анасымен алыс қалада тұруға көшіп кетті. Бас

кейіпкердің естеліктер ағымын оны жаңа сыныппен танысуға шақырған күлімсіреген қыз тоқтатты. Бірақ Зияд естеліктерінен өзін нашар сезініп, мектеп әкімшілігі оны өз-өзіне келтірді. Кейін, күлімсіреген қыз мұғалімге ата-анасы қайтыс болғанын айтып, оқу үшін кітап алуды өтініп қайтадан келді, сонда анасының кезінде мектептің жанындағы аңғарда екі ұлмен бірге ойнағанын айтты, олардың бірі Самир еді, ал екіншісінің басында «тіккенектер» бар еді... Абыржыған мұғалім кабинеттен жүгіріп шықты, ал оның саусақтарынан қан тамып жатты ... Бұл оқиға өмір, махаббат, жауапкершілік, олардың толық жүзеге асырылу мүмкін еместігі идеясын түсіну сияқты маңызды экзистенциалдық құндылықтардың фрустрациясы тақырыбын жалғастырады, басқаша айтқанда бірегейліктің ішкі қақтығысы мәселесін қозғайды.

Жоғарыда аталған «*خذي آلة موتي*» («Мені ал, менің өлімімнің құралы») әңгімелер жинағында «Суық көзбен» (Khaddash Z., 2005b) әңгімесінде Хаддаш түнде көшеде жалғыз қалған бас кейіпкердің досының сезімдерін суреттейді, қыз күтіп, танктердің дауысы мен атыс кезінде ол өзінің «Бәрінен... бәрінен қашқысы келетінін» (Khaddash Z., 2005b: 117) түсінді ... Осылайша, ол айналасындағы қоғамдағыларға маргиналданған және болып жатқан өзгерістерге әлі де бейімделе алмағандар туралы қатты ренішпен жазады. Нәтижесінде, оның кейіпкерлері саяси процеске, әсіресе Палестинадағы кедейлік пен жұмыссыздық жағдайына скептикалық көзқараспен қарайды. Аталған «Суық көзбен» (Khaddash Z., 2005b) әңгімесінде кейіпкер өзінің жұмысынан, күн көріс напақасынан айрылудан қорыққаны соншалық, ол түнде, қаланың танктермен күзетіліп тұрған кезінде кеңсеге баруға бел буады (бастығынан жасырынып, оның кеңсесінде жасаған ұятсыздықты жасыру үшін). Хаддаштың кейіпкерлері бейбітшілік процесі аяқтай алмаған тікелей немесе жанама түрде Израиль басып алуының әртүрлі аспектілеріне бірдей наразы.

Жәмәл әл-Қауасмидің еңбектерінде (1966 т.) басқа жас авторларға қарағанда көбірек сарказм, абсурдқа жақын субъективтілікке қарай өзгеріс байқалады. Автордың 1998 жылы жазған атақты қысқа әңгімелер жинағындағы «*صغيرة هزائم*» («Кішкентай жеңілістер») (al-Qawasmi J., 1998) осы аттас әңгімесінде бас кейіпкер оны қоршаған ортасы мен жақындарынан безіп кеткісі келеді: аяқ киімінен, отбасынан, жұмысынан және тіпті өзінен, бірегейлігінен де: «*افهمي موقفتي*»

«*أرجوك، أنا شخص آخر الآن، الرام ليست الرام، وأنت لست أنت*» (al-Qawasmi J., 1998)- «Менің жағдайымды түсінші, өтінемін, мен енді басқа адаммын, Ар-Рам енді Ар-Рам емес, ал сен енді сен емессің», - деп оқиға кейіпкері жолдасы Инасқа жүгінеді. Ұзақ 10 жыл бойы өзінің жұбайы деп ойлаған бөтен әйел тарапынан алданып қалғанын, өзінің баласы болмаған баладан алданып жүргенін айтып, бас кейіпкер өзі қызмет етпейтін жұмыстан кету туралы арыз жазады. Үйге бара жатқанда ол көшеде біртүрлі нәрсе болып жатқанын байқады: жолдағы полиция қызметкері аяқ киімін шешіп, таңертең оның полиция қызметкері емес екенін және оның тіпті *өзі* емес екенін білгенін мәлімдеді. Содан кейін ол Ар-Рамға баратын жолды мүлдем бос екенін көрді, ал Иерусалимге кіре берістегі бақылау-өткізу пунктінде көліктердің көп жиналғаны байқалды. Әскерилер сол күні таңертең олар *өздері* емес екендерін, өздеріне тиесілі емес қаруды алып жүргендерін, өздеріне тиесілі емес форма кигенін, бала кезінен өзгеше тілде сөйлегендерін, бейтаныс жерде өмір сүретінін, өздерінің және палестиналықтардың жүректерінде не себеппен тартылғандарын білмейтін кішігірім соғыстар үшін жеккөрініш сезінетіндерін және оларға еш зиян тигізбеген адамдарды өлтіріп жүргендерін білді. Жауынгерлер шекарадағы орындарын тастап кетті, нәтижесінде Ар-Рам халқы Иерусалимге лық толып кірді. Осыған байланысты палестиналықтарды Иерусалимнен шығару үшін операция жасалуда еді. Ал басты кейіпкеріміз қайтадан өз үйі болмаған үйге, өз әйелі болмаған әйелге, өз отбасы болмаған отбасына оралды. Және осындай, өзіне тиесілі болмаған өмірге қанағат етті.

Әл-Қауасмидің осы шығармасында суреттелген қазіргі палестиналықтың өзін-өзі сезінуін француз философы мен жазушысы Ж. Батайдың келесі сөзімен суреттеуге болады: «Мен қаңырап бос қалған жерде мен өзгелерге ұқсамағаным туралы эмпирикалық білімге мән бермеймін, өйткені менің мәнімді ештеңе және ешқашан алмастыра алмайды: менің түбегейлі дерексіздігімді сезіну мені бөтен, мүлде жат адам болып қалатын әлемге орналастырады» (Батай Ж., 1996: 56).

Әл-Қауасми шығармашылығының тағы бір ерекшелігі – жазушының қарапайым адам ретінде бейнелейтін Басқаны – Израильді қабылдауына қатысты гуманистік тенденциясы. Әл-Қауасми, сонымен қатар, палестиналық адамның «күрескер» және «бүлікші» ретіндегі

дәстүрлі бейнесінен ауытқып, қарапайым палестиналық адамды барлық әлсіздіктерімен, көңілі мен ұмтылыстарымен бейнелейтін қысқа әңгімеге жаңа көзқараспен тәжірибе жасауға тырысты (Үақеен Т., 1999). Басқа сөзбен айтқанда, әл-Қауасми «هزائم صغيرة» («Кішкентай жеңілістер») атты өз еңбегінде (al-Qawasmi J., 1998) көргеніміздей, палестиналықтар мен израильдіктерден де бірдей адамгершілік дейтін қасиетті зерттейді.

Араб әдеби шығармаларына дәстүрлі тақырыптар: соғыс, ерлік, соңғы бірнеше онжылдықта үлкен өзгерістерге ұшырады. Біз Израиль-Палестина қақтығысы бұдан бұрынғы шығармаларда болған ностальгия мен кері қайту жолында тоқтамайтынын көреміз. «Banipal» заманауи араб әдебиеті журналы қазіргі Палестина жазушыларының шығармашылығына арналған арнайы нөмірді шығарды (Қыс, 2012). Мысалы, Ибтисам Азимнің «Ұйқы ұры: Ғариб Хайфауи» (Azem I., 2012) романынан үзіндіде кейіпкер ретінде иврит тілінің терең білімімен және фалафелдің (дәстүрлі араб тағамы) жоғары стандарттарымен жақсы білімді палестиналық жігітті көреміз. Ол ашулы, салақ палестиналықтың стереотипіне сәйкес келмейді, сондықтан жақында Израильге көшіп келген Нина оны израильдік деп қателеседі. Араб нәсілдімен дос болып жүргенін білместен, Нина арабтардың оны «жеккөрушілік пен ашу-ызаға толы көздерімен, қатеге толы ивриттерімен» қалай қорқытатындары туралы ашуланшақтық айтады (Azem I., 2012:95). Ғариб оған сабырлы түрде: «Мен сол арабтардың бірімін. Сен маған менің көздерімнің сүт пен балға толы жер сияқты «мол» екенін айтпадың ба? Мен құлағанға дейін күлген едім соны естігенде. Мен қандай таңғаларлық метафора деп ойладым! Мен де арабпын ғой, Нина» (Azem I., 2012:96). Нинаның сүт пен бал еліне қатысты библиялық

сілтемелерін дұрыс пайдаланбауы тарихи және діни дискурстарға қосылғысы келетін жаңа иммигранттың албырттығын көрсетеді. Араб тілінен аударғанда «ғариб» оғаш немесе бейтаныс, бөтен дегенді білдіреді. Ғариб – үйінде, өз елінде бейтаныс адам. Ол өзін *елес* сияқты сезінеді (Azem I., 2012:96), ол тарихтан тыс: ана жерде да, мұнда да жоқ. Роман оның эфемерлі бар болуын және жоғалтуы мен қасіретінің көп қырлы мағынасын сақтап қалуға бағытталған.

Қорытынды

Осылайша, осы мақала ауқымындағы зерттеу барысында талдау, түпдеректермен жұмыс істеу мақсатында, түпнұсқадағы әдеби туындыларды талдау және интерпретациялау үшін нақты тарихи әдіс және өткен ғасырдағы әдеби шығармалар мен қазіргі заманғы көркем туындылардың тақырыптамасын салыстыру үшін салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, ғылыми зерттеу жүргізудегі негізгі әдіс-тәсілдер қолданылды. Трансформацияланып жатқан палестиналық ұлттық бірегейлігінің көріністерін анықтау мақсаты келесідей нәтижемен жүзеге асырылды: әдебиет ұлттың, елдің, қоғамның айнасы секілді өзекті мәселелер мен сұрақтарды көрсетеді; осы мақалада қарастырылған көркем әдебиет үлгілерінің негізінде палестиналықтың ұлттық бірегейлігінің келесі аспектілері анықталды: этникалық, жастық, саяси. Сонымен қатар, қазіргі Палестина әдебиетіндегі ұлттық бірегейліктің көріністері елдегі қоғамдық-саяси жағдаймен тығыз байланысты екенін көрдік, сондай-ақ әдебиеттегі негізгі өзгерістер ретінде біз соғыс және күрес тақырыптарынан алыстауды, ішкі жан-дүниеге, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік мәселелері тақырыптарына көбірек көңіл бөліне бастағанын алға тартамыз.

Әдебиеттер

- Азем И. (2012). Вор сна: Ғариб Хайфави. Две главы из романа / Перевод Салли Гомаа. Банипал 45 // Журнал современной арабской литературы. Писатели из Палестины. – Рр. 88-96.
- Бейнарт П. (2013). Американский еврейский кокон. Нью-йоркский обзор книг. Получено с <https://www.nybooks.com/articles/2013/09/26/american-jewish-cocoon/>
- Батаи Ж. (1994). Из «Внутреннего опыта» // Танатография Эроса: Жорж Батаи и французская мысль середины XX века. – СПб., 1994. – С. 226.
- Коэн М.Х. (2011 г., 28 февраля). Деконструкция Деррида: обзор «Структура, знак и дискурс в гуманитарных науках». Получено с <https://atlassociety.org/objectivism/atlas-university/deeper-dive-blog/4414-deconstructing-derrida-review-of-structure-sign-and-discourse-in-the-human-sciences>
- Дарвиш М. (2008). «Кто я, без ссылки?» из бремени бабочки. Получено с <https://www.poetryfoundation.org/poems/52549/who-am-i-without-exile>

- Дарвиш М. (2008). Man ana duna manfa [Кто я, без изгнания?] Ад-Диван Палестина. Получено с <https://www.aldiwan.net/poem9117.html>
- Дарвиш М. (2006). Fi hadrati-l giyab [В Присутствии Отсутствия]. Получено с <https://foulabook.com/ar/book/%D9%81%D9%8A-%D8%AD%D8%B6%D8%B1%D8%A9-%D8%A7%D9%84%D8%D9%8A%D8%A7%D8%A8-PDF>
- Judt, T. (2003). Израиль: альтернатива. Нью-Йоркский обзор книг. Получено с <https://www.nybooks.com/articles/2003/10/23/israel-the-alternative/>
- Хаддаш З. (2012). Зима в мужской рубашке. Короткий рассказ / Перевод Томаса Аплина. Банипал 45 // Журнал современной арабской литературы. Писатели из Палестины. – Рр. 118-121.
- Хаддаш З. (2012). С холодными глазами. Короткий рассказ / Перевод Томаса Аплина. Банипал 45 // Журнал современной арабской литературы. Писатели из Палестины. – Рр. 114-117.
- М. Lynx Qualey (2011). В Присутствии Отсутствия: прощание Махмуда Дарвиша с языком. Египет Независимый. Получено с <https://egyptindependent.com/presence-absence-mahmoud-darwishes-farewell-language/>
- Мукатташ Е.К. (2016). Политика идентичности в отсутствующем присутствии Махмуда Дарвиша: текстовый акт сопротивления. CSCanada // Исследования по литературе и языку. – Том 12, № 2. – С. 17-27. doi: 10.3968 / 7916
- Нофал К.Х. (2017). Национальная идентичность в поэзии Махмуда Дарвиша. Изучение английского языка и литературы; Том 7, № 3. doi: 10.5539 / ells.v7n3p66
- Шагал В.Е., Дьяконов Е.В. Палестинская литература // Энциклопедия Всемирная история. [Палестинская литература // Энциклопедия всемирной истории]. Получено с https://w.histrf.ru/articles/article/show/paliestinskaia_litieratura
- Шехадех Р. (2002). Интервью с Махмудом Дарвишем. БОМБА Журнал. Получено с <https://bombmagazine.org/articles/mahmoud-darwish/>
- Аль-Кавасми, Дж. (2011) Небольшие поражения. Laghoo. Прогрессивная арабская мысль и литература. Получено с <http://www.laghoo.com/2011/07/small-defeats-jamal-al-qawasmi/>
- Yaqeen, T. (1999). Молодые палестинские писатели: меняющиеся тенденции. // Палестино-Израильский журнал политики, экономики и культуры. – Том 6, № 4. Получено с <https://pij.org/articles/236>
- Юсеф Т. (2011). Махмуд Дарвиш и поиски идентичности. Dirasat // Гуманитарные и социальные науки, том 38, № 2, с. 674-688. Получено с <https://platform.almanhal.com/Files/2/32888>.

References

- Azem, I. (2012). Sleep Thief: Ghareeb Haifawi. Two chapters from the novel. Translated by Sally Goma. *Banipal 45. Magazine of Modern Arab Literature. Writers from Palestine*. pp.88-96.
- Beinart, P. (2013). The American Jewish Cocoon. *The New York Review of Books*. Retrieved from <https://www.nybooks.com/articles/2013/09/26/american-jewish-cocoon/>
- Batai Zh. (1994). Iz "Vnutrennego opyta" // *Tanografiya Erosa: Zhorzh Batai i frantsuzskaya mysl serediny XX veka*. [from "Inner Experience" // *Thanatography of Eros: Georges Bataille and French thought of the mid-twentieth century*] SPb., 1994. P.226
- Cohen, M.H. (2011, February 28). Deconstructing Derrida: Review of "Structure, Sign and Discourse in the Human Sciences". Retrieved from <https://atlassociety.org/objectivism/atlas-university/deeper-dive-blog/4414-deconstructing-derrida-review-of-structure-sign-and-discourse-in-the-human-sciences>
- Darwish, M. (2008). "Who Am I, Without Exile?" from *The Butterfly's Burden*. Retrieved from <https://www.poetryfoundation.org/poems/52549/who-am-i-without-exile>
- Darwish, M. (2008). Man ana duna manfa [Who Am I, Without Exile?] ad-Diwan Palestine. Retrieved from <https://www.aldiwan.net/poem9117.html>
- Darwish, M. (2006). Fi hadrati-l giyab [In the Presence of Absence]. Retrieved from <https://foulabook.com/ar/book/%D9%81%D9%8A-%D8%AD%D8%B6%D8%B1%D8%A9-%D8%A7%D9%84%D8%BA%D9%8A%D8%A7%D8%A8-pdf>
- Judt, T. (2003). Israel: The Alternative. *The New York Review of Books*. Retrieved from <https://www.nybooks.com/articles/2003/10/23/israel-the-alternative/>
- Khaddash, Z. (2012). Winter in a Man's Shirt. Short story. Translated by Thomas Aplin. *Banipal 45. Magazine of Modern Arab Literature. Writers from Palestine*. pp.118-121.
- Khaddash, Z. (2012). With Cold Eyes. Short story. Translated by Thomas Aplin. *Banipal 45. Magazine of Modern Arab Literature. Writers from Palestine*. pp.114-117.
- M. Lynx Qualey (2011). In the Presence of Absence: Mahmoud Darwish's farewell to language. *Egypt Independent*. Retrieved from <https://egyptindependent.com/presence-absence-mahmoud-darwishes-farewell-language/>
- Mukattash E.K.(2016). The Politics of Identity in Mahmoud Darwish's Absent Presence: A Textual Act of Resistance. *CSCanada. Studies in Literature and Language, Vol.12, No.2*, pp. 17-27. doi: 10.3968/7916
- Nofal K.H. (2017). National Identity in Mahmoud Darwish's Poetry. *English Language and Literature Studies; Vol.7, No.3*. doi: 10.5539/ells.v7n3p66
- Shagal V.E., Dyakonov Ye.V. Palestinskaya literatura// *Entsiklopediya Vsemirnaya istoriya*. [Palestinian literature // *Encyclopedia of World History*]. Retrieved from https://w.histrf.ru/articles/article/show/paliestinskaia_litieratura
- Shehadeh, R. (2002, October). Interview with Mahmoud Darwish. *BOMB Magazine*. Retrieved from <https://bombmagazine.org/articles/mahmoud-darwish/>
- Al-Qawasmi, J. (2011) Small defeats. *Laghoo. Progressive Arab Thought and Literature*. Retrieved from <http://www.laghoo.com/2011/07/small-defeats-jamal-al-qawasmi/>
- Yaqeen, T. (1999). Young Palestinian Writers: Shifting Trends. *Palestine-Israel Journal of Politics, Economics and Culture. Vol.6, No.4*. Retrieved from <https://pij.org/articles/236>
- Yousef, T. (2011). Mahmoud Darwish and the Quest For Identity. *Dirasat. Human and Social Sciences, Volume 38, No.2*, pp. 674-688. Retrieved from <https://platform.almanhal.com/Files/2/32888>